

ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ТҮЛЕКТЕРІ



Есіркепов Рысқали Темірболатұлы

1943 жылы Ақмола қаласында дүниеге келген. 1966 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының жерге орналастыру факультетін бітірген. 1966 жылдан 1972 жылдар аралығында «Целингипрозем» Целиноград бөлімшесінде инженер болып жұмыс атқарды. 1972 жылдан 1982 жылдарда – ЦАШИ проблемалық зертхананың аға ғылыми қызметкері. 1985 жылдан бастап – экономика ғылымдарының кандидаты. 1987 жылдан 1993 жылдар аралығында – ЦАШИ жер кадастры кафедрасының меңгерушісі. 1993 жылдан 2011 жылдарда – «МемжерҒӨО» бас директорының орынбасары.

2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Ландшафттық жоспарлаудың даму бірлестігі» ҚБ басшысы болып табылады.



Кенжебаев Назымбек Амиржанович

1964 жылдың 17 сәуірінде Көкшетау облысының Зеренді поселкесінде дүниеге келген. 1990 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын «Жерге орналастыру» мамандығы бойынша тәмамдады. 2000 жылдан 2004 жылдар аралығында РМК «МемжерҒӨО» бас маманы. 2004-2007 жылдарда - РМК «МемжерҒӨО» мемлекеттік бақылау және мониторинг бөлімінің бастығы. 2008 жылы «Жерді пайдалану және қорғауды мемлекеттік бақылау» оқу құралын шығарды.

2007 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Астана қаласының жер қатынастары бойынша басқарма басшысының орынбасары қызметін атқаруда.



Меньшаев Александр Васильевич

03.11.1953 жылы дүниеге келген. 1974 жылдан 1979 жылдар аралығында Целиноград ауыл шаруашылығы институтында инженер-жерге орналастырушы мамандығы бойынша білім алды. 2004 жылы «Құрметті жерге орналастырушы» белгісімен марапатталған. 1979 жылы «Целингипрозем» ГҚИ Целиноград бөлімшесінде инженер-жерге орналастырушы болып жұмыс атқарды. 1990 -1992 жылдарда – облыстың АӨК жер пайдалану және жерге орналастыру бөлімінің ІІ санаттағы маманы. 1992 жылы - облыстың АӨК жер пайдалану және жерге орналастыру бөлімінің І санаттағы маманы. 1992 жылдан 200 жылдар аралығында - Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі облыстық комитет, жер қатынастарын реттестіру және жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау бөлімінің бастығы. 1997 жылдан 200 жылдарда – ҚР АШМ жер ресурстарын басқару жөніндегі Комитеттің Жер кадастры және жер мониторингі бөлімі бастығының орынбасары. 2000 жылдан 2006 жылдарда – Жер ресурстарын басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Агенттігінің жерге орналастыру бөлімінің бастығы. 2008 жылы - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Табиғи ресурстарды пайдалану стратегиясы департаментінің директоры. 2008 жылдан 2012 жылдарда - Жер ресурстарын басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Агенттігінің РМК «МемжерҒӨО» бас директорының орынбасары.

2012 жылдың қыркүйек айынан қазігі уақытқа дейін – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму Министрлігінің РМК «ЖерҒӨО» жерге орналастыру және жерді бағалау басқармасының бастығы.



Акимов Владимир Викторович

01.12.1940 жылы Ресей Федерациясының Алтай өлкесінің Верх-Катунское ауылында дүниеге келген. 1963 жылы Ақмола ауыл шаруашылығы институтын «Жерге орналастыру» мамандығы бойынша бітірді. Жерге орналастыру факультетінің бірінші түлегі болып тұрады. 1963 жылдан 1978 жылдар аралығында ГҚИ «Целингипрозем» инженер болып және техникалық бөлімнің басшысы болып қызмет атқарды. 1978 жылдан 1989 жылдар аралығында – ЦАШИ жер кадастры кафедрасының доценті. 1989 жылдан 1994 жылдарда – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық университеттің экономика кафедрасының доценті. 1994-1999 жылдар аралығында – Астана қаласының ЕГИ доценті. 1999 жылдан 2004 жылдарда – Тұран университетінің профессоры. 2004 жылдан 201 жылдар аралығында – «МемжерҒӨО» бас маманы.

2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Астана қаласының Қазақ инженерлік-техникалық академиясының профессоры.



Хатиев Нұрман Оспанбекұлы

1956 жылдың 31 мамырында дүниеге келген. Талдықорған қаласының тумасы. Қазақ ауыл шаруашылы институтының, С.Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университетінің түлегі. Қазақ экономика және ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырудың ғылыми-зерттеу институтының маманы болып жұмыс атқарды. 1983-1986 жылдарда – аға агроном, Қазақ ССР тұқымды көкөніс шаруашылығы Министрлігінің аға маманы. 1992-1994 жылдарда – Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комитеті басшысының көмекшісі. 1994-1996 жылдарда - «Жер ана» мамандандырылған кәсіпорынының директоры. 1996-1997 жылдар аралығында - Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі Мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы Министрлігінің жер ресурстарын басқару жөніндегі Комитеті секторының меңгерушісі. 1997-1998 жылдар аралығында – Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы Министрлігінің бөлім бастығы, бөлім бастығының орынбасары. 1998-1999 жылдарда – Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы Министрлігінің жер ресурстарын басқару жөніндегі Комитет секторының меңгерушісі. 1999-2005 жылдарда - «АстанақалжерҒӨО»НПЦзем» республикалық мемлекеттік кәсіпорынның (РМК) жер ресурстары және жерге орналастыру жөніндегі еншілес мемлекеттік кәсіпорынның директоры. 2005-2006 жылдары – Астана қаласының жер қатынастарын басқару бастығы.

2011 жылы РМК «ЖерҒӨО» Астана филиалының директоры.



Оспанов Серік Әділханұлы

1974 жылдың 29 мамырында Целиноград қаласында дүниеге келген. 1998 жылы Астана қаласының С.Сейфуллин атындағы аграрлық университетін «Жерге орналастыру» мамандығы, инженер-жерге орналастыру біліктілігі бойынша бітірді. 2001 жылы Қазақ мемлекеттік академиясын мемлекеттік қызмет саласындағы заңгер-маман мамандығы бойынша, 2007 жылы Басқару институтын экономист мамандығы бойынша тәмамдады. 2009 жылдың 21 сәуірінен бастап «Астана қаласының тұрғын басқармасының» бастығы болып табылады.

Мемлекеттік марапаттаулар:

- 2001 жылы "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл" медалі;
- 2005 жылы «Құрметті жерге орналастырушы» құрмет грамотасы мен белгісі;
- 2008 жылы "Астананың 10 жылдығы" медалі, "Ерен еңбегі үшін" медалі.



Нүркенов Төлеуғазы Қамашұлы

1953 жылдың 16 қыркүйегінде Қарағанды қаласында дүниеге келді. 1979 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институтының агрономиялық факультетін бітірді, ғалым агроном; 1998 жылы С.Сейфуллин атындағы аграрлық университетінің жерге орналастыру факультетін инженер-жерге орналастырушы біліктілігі бойынша бітірді.

1976 жылдан бастап Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас агрономы. 1983 жылдан – Алматы облысполкоманың төрағасының бірінші орынбасарының көмекшісі. 1984 жылдан – Алматы облысауыл шаруашылығы басқармасының жерге орналастыру бөлімінің бастығы. 1990 жылдан – Алматы облысполкоманың төрағасы орынбасарының көмекшісі. 1992 жылдан – жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі Алматы қалалық комитеті төрағасының орынбасары.

1998 жылдан 2006 жылдың наурыз айына дейін – жер ресурстарын басқару жөніндегі Астана қалалық комитетінің төрағасы. 2006 жылдың наурыз айынан қазан айына дейін - «Астанатопография» РМҚК директоры.

2006 жылдың қазан айынан бастап – «Астана қаласының жер қатынастары басқармасы» МК басшысы болып табылады.



Сейфуллин Жұмабек Тілеуліұлы

01.11.1948 жылы Ақмола облысы Зеренді ауданының Ундрус ауылында дүниеге келген. Орта мектептен кейін 1968- 1973 жылдары ЦАШИ жерге орналастыру факультетін бітірді, 1997 жылға дейін ғылыми кәсіпорындарда (КазНИИЭОСХ – маман, кіші ғылыми қызметкер, аспирант, бөлім бастығының міндетін атқарушы, Целинный филиалының директоры, Талдықорған ауыл шаруашылығы ҒЗИ - директор) жұмыс атқарды. Жылдан 2007 жылдар аралығында Алматы қаласының ҚазҰАУ кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді. 2009 жылдан 2011 жылда - АЭСА экономика және менеджмент кафедрасының профессоры.

01.09.2011 бастап қазіргі уақытқа дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының профессоры болып табылады.